

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1778 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 маусымдағы № 651 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1778 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспарында: реттік нөмірлері 14, 20 және 21-жолдар алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 46-2-жолмен толықтырылсын:

«

46-2	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	БҚА	наурыз	қыркүйек	қараша	Ө.Б. Мәгішев
------	--	-----	--------	----------	--------	--------------

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 53-1 және 53-2-жолдармен толықтырылсын:

«

53-1	Рұқсаттар және хабарламалар туралы	ӨДМ	қазан	қараша	желтоқсан	С.М. Жұманғарин
53-2	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ӨДМ	қазан	қараша	желтоқсан	С.М. Жұманғарин

»;

ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы: мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«ӨДМ – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрлігі».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК